




**Отырар кітапханасы**  
*Кітапхананы дамыту бөлімі*

# **Кітап оқуды дамыту: әдістер мен идеялар**

**Әдістемелік ұсыныстар**



**Отырар 2025**

*Кітап оқуды дамыту: әдістер мен идеялар ]әдістемелік  
ұсыныстар]Кітапхананы дамыту бөлімі/ Құраст. Г.Дәулетова.-  
Отырар,-2025.-12 бет.*

## **Кіріспе**

Кітап оқуды дамыту – бұл қазіргі таңда кез – келген қоғам үшін өзекті мәселелердің бірі. Сондай – ақ, кітапхана қызметінің де негізгі бағытының бірі – кітап пен оқуды насихаттау. Алайда, соңғы бірнеше жылда ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың дамуы оқырмандардың кітап оқуға деген ынтасын едәуір бәсеңдетті. Әрине, бұл мәселе барлығына бірдей қатысты емес, «Кітап – ой кемесі» деп білетін кітап сүйер оқырман үшін кітап оқуды дамыту әрдайым өзекті тақырыптардың бірі.

Кітапта қанша игілік барын түсінсек те, кейде оны оқуға уақыт таппай жатамыз. Қиынсынамыз, енді бірде шабытымыз келіп барлық кітапты бітіріп тастағауға бекінеміз. Алайда, кітап оқу барысында кітапты сүзгіден өткізбей оқитындар да кездеседі. Кітапты қалай таңдау керек? Оны тұрақты ету үшін не істейміз? Пайдалы ақпаратты қалай есте сақтаймыз? Осы секілді сан алуан сұраққа жауап алу үшін «кітап оқуды дамытудың: әдістері мен идеяларын» ұсынамыз.

Бүгінгі таңда кітапханаларда кітап оқудың әдістері мен формалары айтарлықтай өзгерген. Кітаптың қоғамдағы орнын нығайту үшін дәстүрлі жұмысқа жаңа идеялар енгізе отырып, кітап оқуды дамытудың стандартты емес түрлерін белсенді енгізуде.

Кітап, кітапты оқи білу – бұл ұғымға қатысты айтылған небір даналық сөздер, тұшымды ойлар өте көп. Себебі, кітап – білімнің қайнар көзі, адамзаттың тәрбиеші құралы.

Кітап - өмірдің рухани және материалдық игіліктердің негізгі азығы, адамзат мәдениетінің жинақтаушы компоненті болып табылады. Ал, кітап оқу адамның жеке басының рухани байлығының негізгі көзі болғандықтан, бұл істі әрбір оқырман өзінің жеке дара ерекшелік қасиеттеріне лайықты етіп ұйымдастырады.

Бүгінгі таңда жасөспірім балалардың дамуында, тұрмысында, оны қоршаған ортада шешімі табылмай жатқан мәселенің тым көбейіп кеткендігі жасырын емес. Қазіргі қоғамдық дамуда жасөспірім балалар жалғыз қалып, адасып, аса бір қиын жағдайда өсіп жатқандығына күн сайын куә болудамыз. Бұл проблемалар күнделікті көтерілгенімен, оның шешімін табу жолы көрсетілмейді.

Ендеше, бұл проблеманы шешу жолында кітап пен кітапхананың рөлі өте маңызды. Оның ішінде жас ұрпақтың едәуір бөлігі «мектепте сұралғандарды» ғана оқиды. Ал, жасөспірім мен егде жастағы оқырмандар кітап оқудың әдістерін білмей, кітап оқуды одан әрі дамыта алмайды. Сөйтіп кітапты оқуға деген халықтың ықыласы біртіндеп сөне бастайды. Сөйлеу сауаттылығы мен мәдениеті төмендейді, жастардың сөйлеуі мен ойлауы кішірейе бастайды. Сол себепті, кітап оқуды дамытудың тиімді әдістері мен оқуды тұрақты түрде қалыптастырудың жаңа идеяларын таппайынша еркін өз ойын толыққанды жеткізе алатын, тың жаңалықтармен бөлісе алатын дамыған адамды елестету қиын.

Осы бағытта яғни, кітап оқуды дамыту мақсатында кітапхана қызметкерлері түрлі жобаларды жүзеге асыруда. Сондай –ақ, оқырмандардың қызығушылығын оятып, кітап оқуға деген ынтасын арттыратын түрлі әдеби клубтар да жұмыс жасайды. Бұл әдеби клубтар оқырман үшін кітап оқуды дамытудың тиімді жолы болуы мүмкін, тіпті әдеби клубтың мүшелігіне өткен соң әсерге беріліп кітап оқуға деген ынтасы артып «бүгіннен бастап осыншалықты кітапты оқып бітіремін» деп шешеді. Бірақ, оқырман сол сәтте 60 бетке ғана жететін мотивация алады, сөйтіп эмоциямен

кітаптың 80 бетін оқиды, одан әрі өзін күштеп 20 бет, одан соң қиналып тағы 20 бетін оқиды, осымен кітап оқуда өзін қинаудан жалығып, кейін барлығын қосып оқимын деп шешеді, сөйтіп сол кітап оқылмай сөреде қалады. Сондықтан, кітапты оқу барысында тез жалығып қалмас үшін, үнемі өз-өзіңді үнемі жетілдіріп отыру үшін, өзіңді қинап, күштеп оқымас үшін кітап оқуды дамытудың бірнеше тиімді әдістерімен идеяларын қарастырсақ.

### **Кітап оқуды дамытудың әдістері:**

**Ең алдымен кітапты дұрыс таңдай білу.** Дұрыс кітап таңдау – киім таңдағанмен бірдей. Ұнамайтын киім таңдасаң кимейсің. Сүйіп таңдасаң, өзің қалағандай әсер қалдырса, бойына, стиліне сәйкес келіп тұрса, неге кимеске? Кітапта сол секілді, сенің қазіргі деңгейіңе сәйкес келіп тұрса, сені келесі деңгейге көтере алса, дұрыс таңдағаның. Ортасын ашып оқып көр, мазмұнын қара, саған бұл кітап қандай сұраққа жауап беруі керек? Сұрақ қой. Сол кезде оқып отырып, ізденіске көшесің. Ал оны қалай оқуды ұйымдастыру – кейінгі іс. Бастысы саған керек кітапты таңдау.

**Екіншіден аз – аздан оқу.** Бұл – кітап оқуға деген дағдыланудың тиімді тәсілі, алғашқыда жүз бет кітап оқып тастайтындай болып тұрған сезімге ерік бермей, аз оқуға талпыну керек. Бастапқыда оқитын кітабыңызды бес бет деп белгілеңіз де, содан кейін тоқтаңыз. Қанша оқығыңыз келіп тұрса да, тоқтату маңызды. Сонда ертеңгі күнді күтіп жүресіз, шабыт кетіп қалмайды. Ертеңіне тағы да бес бет, осылай ақырын - ақырын кітап оқу әдеті қалыптаса бастайды. Бір күні кітап оқуға деген шабытыңыз таусылса да, бірақ кітап оқу әдетке айналып кеткендіктен, оқу қиын болмайды. Бірнеше кітапты бірден оқу да осы аз – аздан оқу әдісімен қалыптасады, сіз күніге әр түрлі кітаптан 5 бет оқу

арқылы бір айда әр түрлі жанрда 3 кітапты немесе 5 кітапты оқып бітіре аласыз.

**Үшіншіден жылдам оқу.** Жылдам оқудың түрлі әдіс – тәсілдері бар. Ең тиімді тәсілдері: әр сөзден кейін кідіріс жасағаннан көрі 2-3 сөзді қосып бір тіркес қылып оқу; диагональ оқу, яғни бетті қиғаштай отырып оқу әдісі; «шульте» кестесінің тапсырмасын орындау арқылы оқу, бұл тапсырмалардан кейін бұрын бір қарағанда бір сөзді ғана көретін адам кейін бірнеше сөзді, бір жолды, тіпті бір абзацты көретін жағдайға жетеді. Сондай – ақ, жылдам оқуға кедергі келтіретін әдеттерден арылу керек. Соның бірі - кітапты дауыстап оқу. Адам кітапты дауыстап оқу кезінде минутына 100-150 сөзден артық оқи алмайды. Екінші кедергі - бір оқыған жерінді түсінбей қалғандай, екінші қайтара оқу. Мұндай кезде ой бөлініп кеткен тұстан кері қайтпай, жалғастырып оқи беру керек. Себебі адамның келесі мәтіннің мазмұннан – ақ негізгі айтылған идеяны ұғып алатыны ғылыми тұрғыда дәлелденген. Үшіншісі – іштей ежелеп оқу. Осы аталған кедергілерді кетірсе, жылдам оқып жаттығуға да жеңіл болады.

**Төртіншіден есте сақтау немесе өзінді өзгертетін инсайтты іздеу.** Бұл әдістің ең танымал түрі конспект жасау. Сонымен қатар - кітаптан қате тауып алатындай, сыни көзбен оқу. Бұл назарды ешкімге бұрмай, мұқият оқуға көмегін тигізеді. «Оқытудың негізгі әдісі – көрнекілік» деп Әбу Насыр Әл – Фараби айтқандай есте сақтауда ең қолайлы тәсілдердің бірі – түрлі –түсті стикер жапсыру. Стикердің төртеуін тұрақты қолдану: өміріңе қажет деген ақпаратқа – қызыл стикер, есте сақтау қажет болса - сары, ойлануды қажет ететін ақпаратқа – жасыл, ал ой – өрісіңді арттыратын, пайдалы ақпараттар үшін көк стикерді пайдалану.

**Кітап оқуды дамытудың идеялары:**

Қоғамда не үшін кітап оқу керек? Оқымай – ақ жетістікке жетуге болады ма? Кітап оқудағы мақсат не? деген сұрақтар жиі қозғалады. Әрине, барлық кітапты оқу шарт емес, «жылына осыншалықты кітап оқып бітіруім керек» деп те мақсат қоймай – ақ қоюға болады. Сіз өзіңізге сұрақты «не үшін кітап оқуым керек?» деп емес, «бұл кітапты оқысам не өзгереді?» деп қойып көріңіз, сіз бірден кітап оқуды бастамас бұрын, оны оқуды дамытудың қандай идеялары бар деп іздей бастайсыз...

1. Көп адамдар кітап оқуды дамытудың идеясын іздеп ол идеяның өзі **«идея іздеуден»** басталатынын білмей қалады. Мысалы сіздің әр түрлі жанрларды ауыстырып оқуыңыз зерікпеуге, зейіннің жақсы болуына әсер етеді. Және сол кітаптар түрлі идеялар әкеледі. Мазмұны сіздің мәселеңізге қатысты болмаса да, сол кітапты оқу барысында идеялар ойыңызға бірден келе бастайды.

2. Кітап оқуға мақсатқа жетудің жолы немесе пайда әкелетін құрал ретінде емес **«ойын ретінде»** қара. Мысалы кітапханада оқырмандар арасында «әдеби квест» деген ойын түрі бар, бұл жерде оқырман жасырылған сұрақтарға жауап табу арқылы келесі тапсырмаларды ала алады. Кітап оқуды дамытқысы келетін адамға да бір кітапты оқып бастағанда ол кітаптың ішіндегі қызықты бір кітапқа немесе авторға деген қызығушылығы оянуы мүмкін, сөйтіп келесі кітапты бастауға шабыт алады.

3. Кітап оқуға – **«маркетинг»** ретінде қарау яғни, сіз қалтаңыздан ақша шығарып бір кітапты сатып алар болсаңыз, оны міндетті түрде оқып шығасыз және одан бір түйін шығаруды көздейсіз, неге? Өйткені кеткен шығыныңыздың орнын толтыру үшін.

4. Кітап оқуды **«телевизиялық жоба»** деп ойлаңыз. Мысалы, продюсерлер бір жобаны ұйымдастыратын болса

оған бар күш – жігерін арнайды. Осы жобаға ат салысатын қатысушыларды, оны көретін көрермендерді, жүргізетін тележүргізушілерді дайындап канал телекөрермендеріне ұсынады. Сізде кітап оқуды бастамас бұрын ол кітапты бірге талқылайтын әдеби орта, пікірталас жүргізе алатын дебат, мазмұнын тыңдай білетін тыңдарман табыңыз. Сонда ол жай ғана бір кітапты оқу емес сіздің жобаңызға айналады.

**5. Жеке кітапхана ашамын деп жоспарлау немесе кітапхана ісіне жауаптымын деп сезіну.** Бұл идея сізге кітап оқуды дамытуда үлкен көмек береді. Сіз ол кітапты оқып қана қоймай оған зерттеу жүргізесіз, пайдалы ақпаратты өзгемен бөлісуге асығасыз, жан – жағыңыздан пайдалы контент талап етушілер пайда бола бастағанда тағы да көп кітаптарды оқуға тура келеді.

## **Кітап оқуды әдетке айналдыруға арналған 4 кеңес**

### **Кітап оқуды дағдыға айналдырудың жолдары қандай?**

**Кітап оқуды қолға алуға ниетіміз болғанымен, неден және қалай бастау керектігін білмей сандалатын сәттеріміз болады. Сол себепті кітап оқуға кететін біраз уақытымызды текке шығындап жатамыз. Ақпарат еркін қолданысқа ие заманда кез келген білімді ғаламтордағы қысқа деректерден оқи салуға болады. Бірақ...**

Бірақ қолыңызға алып, әрбір бетін парақтап, баспаның иісі сіңген кітапты құштарлықпен оқығанға ештеңе жетпейді. Заман өзгеріп, техника қарыштап дамыса да кітап — білімнің негізгі қайнар көзі болып қала бермек. Сонымен, кітап оқуды әдетке айналдыру үшін қалай және неден бастау керек?

### **1. Кітапты не үшін оқимыз?**

Кітап — жаңа идеялардың бұлағы. Ол блогтарға, видео-сабақтар мен журналдарға қарағанда әлдеқайда пайдалы. Кітаптағы негізгі мазмұнға сай оқып отырып, көз алдыңызға сан түрлі оқиғалар мен образдарды елестете аласыз. Сол арқылы ойлау қабілетіңіз жақсарып, ақылыңыз артады. Демек, кітап оқу арқылы миыңыз дұрыс ойлауға жаттығады. Сонымен қатар кітап оқыған адамның сөйлеу мәдениеті де қалыптасады.

## **2. Қанша кітап оқу керек?**

Қазір жаңа заман, кітап оқып отыру өткен ғасырдың еншісінде кетті ғой деп ойласаңыз, қатты қателесесіз. Барлығы адамның өзін-өзі тәрбиелеуінде жатыр. Өзіңіз үшін өте қарапайым меже орнатыңыз. Мысалы, 1 аптада 1 кітап оқуды өмірлік салтыңызға айналдыруға болады. Сонда 1 жылдың ішінде 52 кітап оқып шығасыз. 52 түрлі білім, 52 түрлі ілім аласыз.

## **3. Оқуға тұрарлық кітапты қалай таңдаймыз?**

Егер белгілі бір мақсатқа жеткіңіз келсе, көпшілігі көркем әдебиетті оқудың қажеті жоқ деген кеңес береді. Көркем әдебиет жаныңызға рахат сыйлағанмен, оның пайдасы аз дейтіндер көп. Бірақ ол әрбір адамның таңдауына байланысты. Біреулер, шынымен де, көркем әдебиеттен шабыт алады.

Атақты адамдардың өмірі жазылған мемуарларды, тарихи естеліктерді оқыңыз. Қазіргі таңда бизнеске, өмір сүрудің қағидаларына, психологияға қатысты мотивациялық кітаптар өте көп. Оқысаңыз, пайдаңызға асар жөні бар. Бірақ ақпараттары сылдыр суға толы, нақты түйінін толық жазбайтын кітаптарды оқудың қажеті жоқ.

## **4. Қалай оқу керек?**

Әр адамның есте сақтау қабілеті, оқу жылдамдығы әртүрлі. Сонымен қатар бір кітапты әр адам әрқалай қабылдайды. Сол үшін қолыңызға қалам алып, маңызды жерлерін түртіп алуға дағдыланыңыз. Кітаптың әрбір жолын саусақтарыңызбен немесе қаламмен жүргізіп отырып оқыңыз. Осылайша сіз өзіңіздің оқу жылдамдығыңыз бен ойша қабылдауыңызды бақылауда ұстай аласыз.

Кітап оқуға уақыт жетпейді деген сылтау қабылданбайды. Өйткені біз бос уақытымыздың тең жартысын телефонда босқа өткіземіз. Кітап оқуға шынымен де уақытыңыз жетпесе, жұмысқа бара жатып жолда оқып алуыңызға болады. Қазіргі таңда кітаптың сан түрлі нұсқасы бар: баспадан шыққан кітаптар, электронды кітаптар және аудиокітаптар. Қай түрін таңдауды патша көңіліңіз білсін. Ең бастысы дәл қазіргі сәттен бастап кітап оқыңыз.

## Қорытынды

Абай, Фирдауси, Напалеон Хилиді бір бөлмеге тек кітап қана жинай алады. Өйткені, кітап – уақыт машинасы секілді сені бір дәуірден екінші бір дәуірге апарады. Бізде кітап оқу барысында әр дәуірде өмір сүріп, сол дәуірдің данышпандарымен сұхбаттасып келгендей боламыз. Бірақ, сол оқыған кітаптардың барлығын кейде бір ғана кітапты табу үшін оқимыз. Ал, кейде өзгеру үшін, сұрағымызға жауап табу үшін, жаңа идеяларды іздеу үшін оқимыз.

Яғни, белгілі бір мақсатта кітап оқуды бастап, бірақ оны себепсіз оқуды, күнделікті әдетке енгізуді бастай алмай жатамыз. Оны әдетке айналдыру үшін «кітап оқуды дамыту» тақырыбына жай ғана шығармашылық процесс ретінде қарау керек. Сіз бұл процесс кезінде демалу, даму, сөздік қорды байыту және тағы басқа түрлі жағымды әсерді бастап кешіресіз, сөйтіп «кітап оқуды дамыту» процессі кез – келген адамның, қоғамның күнделікті атқарылуы керек шығармашылық әдетіне айналады.

Жалпы, кітап оқуға деген құштарлық кез – келген жастағы адамдарға тән ортақ қасиет. Күнделікті бір нәрселерді білу, белгісіз сырдың құпиясын ашу – ол барлық адам үшін әсерлі сәт. Қиын есепті немесе творчестволық мәселені адамның өздігінен ізденіп шешуінен артық қанағаттану сезімі жоқ, ал, мұндайда оған көмекке келетін бірден – бір жәрдемші – кітап.

**Мекен жайымыз:**

Н. Оңдасынов көшесі, 2  
Аудандық орталық кітапхана  
Сымтетік: 77-5-78

Электронды пошта: [Otrar\\_kitap@mail.ru](mailto:Otrar_kitap@mail.ru)